ӘӨЖ 614.3:373.2(574.25)

Ш.Е. Угышова, А.Қ. Омарходжаева, Г.А. Арынова, Л.Н. Айтамбаева
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ҰЙЫМДАРЫНА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мақалада, мектепке дейінгі ұйымдардың санитарлық гигиеналық жағдайының ұйымдастырылуының санитарлық талаптарға сәйкестігі тексеріліп, баға берілді. Алматы қаласы бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың жер учакскелері, ғимараттары мен үй-жайларының жағдайына, балалардың топтастырылуы мен күн тәртібінің ұйымдастырылуына, сонымен қатар балалардың тамақтануына қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігіне баға беріле отырып, зертханалық аспаптық өлшеулерді зерттеудің нәтижелеріне талдау жүргізілді. Зерттелген мәліметтер бойынша қорытынды жасалды. Мектепке дейінгі ұйымдардың санитарлық – гигиеналық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірленді.
Түйінді сөздер: Мектепке дейінгі ұйым, ойын алаңдары, күн тәртібі, ас блогы, тамақтану, ас мәзірі, С-дәрумендеу

Зерттеудің жұмысының мақсаты

Алматы қаласындағы мектепке дейінгі балалар ұйымдарының санитарлық-гигиеналық жағдайын зерттеу және оны жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Өзектілігі

Қазіргі уақытта балалардың денсаулық жағдайын сипаттайтын едәуір әлеуметтік маңызды көрсеткіштерге көп көңіл бөлінуде және ол ең бір маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Мамандардың айтуынша, мектеп жасына дейінгі балалар арасындағы аурушаңдық соңғы 10 жылдықта екі есеге жоғарылаған. Денсаулығында еш ауытқуы жоқ балалардың саны небәрі 5-6 пайызды құрап отыр [1]. Сондай-ақ соңғы жылдары ТМД елдерінде балалардың денсаулық көрсеткіштерінің төмендегендігі байқалуда. Балаларда тыныс алу мүшелерінің аурулары, бронхиалды астма және аллергиялық аурулардың көбейгендігін көруге болады. Бұл қоршаған орта мен бөлме ішінің ластануынан болуы мүмкін [2].

Мектепке дейінгі жас – бала дамуының ерекше бір кезеңі. Осы кезеңде педагогтар, ата-аналар және медицина қызметкерлері бала денсаулығының фундаментін қалайды, қоршаған ортаның қолайсыз әсері организмнің төзімділігі мен қарсы тұру қабілеті де осы кезеңде қалыптасады. Баланың дене бітімінің жеке дамуы тікелей денсаулыққа байланысты. Атақты педагог В.А. Сухомлинский баланың денсаулығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы оның ішкі дүниесі, әлемге көзқарас, ойлау қабілетінің дамуы, білім деңгейінің тұрақтылығы, өз күшіне деген сенімділігі тікелей байланысты, - екендігін атап айтты [3].

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында 3 жылға шағын және орта бизнес субъектілерін табыс салығынан босату және тексеруге мораторий енгізу туралы тапсырма берілуіне байланысты [4], Қазақстанда шағын және орта бизнесті тексеруге 3 жылға мораторий жарияланды. Ал қазір мемлекеттік бала бақшаларға қарағанда жеке-меншік балабақшалары кеңінен ашылып жатыр. Сондықтан мектепке дейінгі мекемелердің жағдайын гигиеналық бақылаудың маңыздылығы ерекше жоғары. Біз жүргізген ақпарат пен патенттік іздеу қолда бар нақты материал мектепке дейінгі мекеменің жұмыс істеуінің өзгерген жағдайларын есепке алуға мүмкіндік бермейді, аймақтағы мектепке дейінгі мекемелерде үй-жайлары мен қоғамдық тамақтандыру қызметін жақсарту жөніндегі шараларды ғылыми негізде дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Осы мәселелерге орай, мектепке дейінгі ұйымдардың санитарлық талаптарға сәйкестігін тексеру маңызды болып табылады.

Зерттеудің материалдары мен әдістері

Алматы қаласындағы мектепке дейінгі ұйымдарға санитарлық тексеру жүргізілді. 1-кестеде көрсетілгендей, Барлығы 10 нысан таңдап алынды: 5 мемлекеттік және 5 жеке меншік нысан.

Кесте 1 - Мектепке дейінгі ұйымдар тізімі

№	Мемлекеттік МДҰ	Жеке меншік МДҰ
1	№1	ЖШС «А» бала бақшасы
2	№2	ЖШС «Б» бала бақшасы
3	№3	ЖШС «В» бала бақшасы
4	№4	ЖШС «Г» бала бақшасы
5	№5	ЖШС «Д» бала бақшасы
Барлығы -10 балабақша		

Сонымен қатар, ЖШС «Алмасанэпидаудит» мекемесімен тексерілген аудиторлық есепке талдау жасалды.

Таңдалынып алынған МДҰ-дарды «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығын негізге ала отырып тексерілді. Бұйрыққа сәйкес барлық МДҰ-дарға берілген критерийлерді негізге ала отырып:

МДҰ-рдың жер учаскілері, ғимараттары мен үй-жайларының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайына;

МДҰ-дағы балалардың топтастыру тәртібі мен күн тәртібінің ұйымдастырылуына;

МДҰ-дың тамақтануға қойылатын талаптарға сәйкестігіне баға беру [5].

Балалардың денсаулық жағдайы Мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалардың басым көпшілігінде бірінші кезектегі маңызды іс болып саналады. Балалар ағзасы ересектерден қарқынды өсуімен және дамуымен, көптеген органдар мен жүйелер құрылымының қалыптасуымен, олардың қызметтерінің жетілдірумен, жоғары жүйке қызметінің дамуы мен күрделенуімен ерекшеленеді. Мұның бәрі ағзаға ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, минералдық заттардың және витаминдердің

жеткілікті мөлшерін теңдестірілген күйде түсуін талап етеді [6, 7, 8, 9]. Сол себепті мектепке дейінгі жастағы балалардың тамақтануы осы жас кезеңіндегі ағзаның морфологиялық және функционалдық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Мектепке дейінгі жастағы балаларға жоғары қимыл-қозғалыс белсенділігі тән, үлкен шығын қуатымен, зат алмасудың күшейтілген процестері, зияткерлік қызметті жетілдіру және саралау, сөйлеуді қалыптастыру, эмоциялық саланы дамыту болып табылады. Регламент бойынша жұмыс істейтін МДМ-де бала өмірінің барлық жақтары (күн тәртібі, тамақтану, қозғалыс белсенділігі, шынығу, жүйке-психикалық дамуы және т.б.) реттеледі және денсаулық сақтау қызметін күшейту мақсатында оларды талдау және түзету үшін жағдай жасалады. Денсаулық сақтау шараларының кешенінде дұрыс теңдестірілген тамақтануды ұйымдастыру орын алады [10].

Зертханалық – аспаптық өлшеулерді зерттеудің нәтижесі шыққан хаттамаларға сәйкес талдау жүргізу арқылы баға береміз. Таңдалынған МДҰ-дарды зертханалық-аспаптық өлшеулер жүргізу және оларды талдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № 239 бұйрығы "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"бойынша жүргізілді[11]. Бұйрыққа сәйкес МДҰ-дарда зертханалық аспаптық өлшеулер алынады:

ас блоктарынан :

микробиологиялық көрсеткіштерге тамақ өнімдерінің (шикізат) сынамалары;

микробиологиялық зерттеулерге дайын тағамдардың сынамалары;

шайындылардан ;

жергілікті сумен жабдықтау көздерінен алынған ауыз су (орталықтандырылған, құдықтар, ұңғымалар, каптаждар) бактериологиялық, санитариялық-химиялық зерттеу ;

қабылдау бөлмелері, шешінетін бөлмелер, топтық, ұйықтайтын бөлмелер, Спорт және музыка залдары, медициналық кабинеттер, демалуға және ұйықтауға арналған үй-жайларын жылыту маусымы кезінде күн сайын ауа температурасы сынамасын алу;

объектілердің құмсалғыштарын құм және топырақ санитариялық-микробиологиялық және паразитологиялық зерттеу (Гельминттердің құрамына) ;

топтардан жасанды жарықтандыру деңгейін анықтау;

Тексерілген нәтижелер мен хаттамалар санитарлық ережемен [5, 11] салыстырылды.

Зерттеудің нәтижесі

Барлық зерттелген мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыз № 615 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес келеді. Ал жеке-меншік балабақшаларда жер учаскелеріне, ғимараттары мен үй жайларына және балалардың күн тәртібі мен топтастырылуының ұйымдастырылуына қойылатын санитарлық талаптарға сәйкес келсе, балаларды тамақтануы санитарлық талаптарға сәйкес келмейді.

Біз тексерген жеке меншік бала бақшаларда берілетін тағам порциясының массасы 2-ші кестеге сәйкес, тек 3-5 жас аралығы үшін ғана дайындалған. Санитарлық қағида бойынша 1-3 жас аралығына және 5-7 жас аралығы бойынша тағамдық порция массасы жеке дайындалуы қажет. Яғни бұл санитарлық талаптарға сәйкес келмейді.

Кесте 2 - Балалардың жасына қарай граммен берілген порция массасы

	3-5 жас
Таңғы ас	400-500
Түскі ас	550-600
Түстен кейінгі ас	250-300
Кешкі ас	400-500

Рацион бойынша ет, сары май, өсімдік майы, қара нан, бидай наны, көкөністер, қант күнделікті беріледі, санитарлық талапқа сәйкес келеді. Балық, жұмыртқа, сыр, ірімшік, құс еті аптасына 1 рет беріледі, бұл санитарлық талаптарға сәйкес келеді.
Таңғы ас ретінде ыстық тағам ретінде ботқалар беріледі, аптаның 5 күнінде бес түрлі жармадан жасалған ботқалар дайындалады. Сонымен бірге сары май немесе сырмен бутерброд, ыстық тәтті шай немесе ыстық какао беріледі.
ЖШС «А», ЖШС «Б», ЖШС «Г» бала-бақшасында балаларды 5 уақыт тамақтандырады, таңғы екінші ас ретінде күнделікті жеміс шырыны немесе жеміс беріледі, яғни санитарлық талапқа сәйкес келеді.
ЖШС «В», ЖШС «Д» бала бақшасында балаларды 4 уақыт тамақтандырады, таңғы екінші ас берілмейді.
Түскі асқа күрделі емес салаттар күнделікті дайындалады, яғни салат көкіністерден қайнатылған және қайнатылмаған түрде дайындалады. Бірінші және екінші ыстық тағамдар еттен, балықтан, құс етінен дайындалады. Апта ішінде берілетін ыстық тағамдар қайталанбайды. Сусын ретінде кампот немесе кисель беріледі.
ЖШС «В», ЖШС «Г» бала-бақшасында түстен кейінгі ас ретінде күнделікті сүт немесе сүт қышқылды тағамдар, бөлішке немесе кремі жоқ кондитерлік өнім беріледі. ЖШС «Д» балабақшасында түстен кейінгі ас ретінде аптасына 3 рет қана беріледі.
ЖШС «А», ЖШС «Б», ЖШС «Д» бала бақшаларында түстен кейінгі ас ретінде аптаның 1 күнінде ғана айран беріледі.
2 апталық ас мәзірі бойынша сүт және сүт-қышқылды тағамдардың берілуіне баға берілді(кесте-3).

Кесте 3 - Сүт-қышқылды тағамдардың берілуі

Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
шай сүтпен	какао сүтпен	айран	шай сүтпен	шай сүтпен
Шай сүтпен	шай сүтпен	шай сүтпен	какао сүтпен	айран

Ал, лабораториялық-зерттеу хаттамаларының нәтижесіне сәйкес, барлық ас блоктарынан шикі және дайын тамақ өнімдерінің микробиологиялық зерттеу хаттамасына, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау суының үлгілерінен бактериологиялық, санитариялық-химиялық зерттеу хаттамасына және шайындыларды микробиологиялық зеттеу хаттамасына сәйкес барлық 10 бала-бақшасында теріс нәтиже берді.
Ал, жарықтандыруды өлшеу хаттамаларына, метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасына сәйкес температура мөлшерінің нәтижелеріне және топырақ пен құмсалғыштарын санитариялық-микробиологиялық және паразитологиялық зерттеулердің хаттамаларына сәйкес (4 кесте, 5 кесте және 1-диаграммаға сәйкес), мемлекеттік 5 балабақшаларда теріс нәтиже берсе, жеке-меншік балабақшаларда нормадан ауытқулықтар байқалған.

Кесте 4 - Жарықтандыруды өлшеу хаттамасының нәтижесі

Балабақша атауы	Нормаға сәйкес	Нормадан ауытқыған
№1	"+"	
№2	"+"	
№3	"+"	
№4	"+"	
№5	"+"	
ЖШС А	"+"	
ЖШС Б		"+"
ЖШС В	"+"	
ЖШС Г	"+"	
ЖШС Д		"+"

Кесте 5 - Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасына сәйкес температура мөлшерінің нәтижесі

Балабақща атауы	Нормаға сәйкес	Нормадан ауытқыған
№1	+	
№2	+	
№3	+	
№4	+	
№5	+	
ЖШС А		+
ЖШС Б		+
ЖШС В	+	
ЖШС Г	+	
ЖШС Д	+	



Диаграмма 1 - Топырақ пен құмсалғыштарын санитариялық-микробиологиялық және паразитологиялық зерттеулердің хаттамаларының қорытындысы

Қорытынды

Балабақшалардың санитарлық – эпидемиологиялық жағдайына мемлекеттік және жеке-меншік балабақшаларды салыстыра отырып баға беретін болсақ, мемлекеттік балабақшалар санитарлық нормалар мен ержелерге сәйкес құрастырылып, ұйымдастырылған. Ал жеке меншік балабақшаларының жер учаскесі, ғимараттары мен үй жайларының санитарлық эпидемиологиялық жағдайы, күн тәртібі мен балалардың топтастырылуы санитарлық талаптарға сәйкес болса, балабақшалардағы тамақтануды ұйымдастыру мен лабораториялық зерттеулер санитарлық талаптарға сәйкес келмеді. Яғни, жеке меншік балабақшаларының С-витаминдеудің ұйымдастырылуы, сүт және сүт тағамдардың берілуінің ұйымдастырылуы, 2 апталық ас мәзірінің құрастырылуы, ас блоктарының орналасуын ұйымдастырылуда қателіктер кеткен. Нақтырақ тоқталатын болсақ, 2 жеке меншік А және Б **-** балабақшаларда тамақтану интервалы сақталмаған, С-дәрумендеу 3 А, Б, Д-жеке меншік балабақшаларында жүргізілмейтіні анықталды, 3 жеке меншік А, Б және Д - балабақшаларда сүт және сүт қышқылды тағамдардың берілуі нормасы сақталмаған.

Ал лабораториялық-зерттеу хаттамаларын негізге ала отырып мемлекеттік және жеке меншік бала бақшаларына салыстырмалы талдау жүргізсек, мемлекеттік бала бақшаларында оң нәтиже берген хаттамалар табылған жоқ. Тек қана теріс нәтижелер шыққан. Ал, жеке меншік балабақшаларында оң нәтиже берген хаттамалар болды. нақтырақ тоқталатын болсақ, 2 жеке меншік Б және В балабақшаларының бөлмелердің жарықтандырылыуы, ауа температурасының нормадан ауытқулықтары байқалған, топырақ пен құмсалғыштарын санитариялық-микробиологиялық және паразитологиялық зерттеулердің хаттамаларына сәйкес 2 жеке меншік В және Д балабақшаларда оң нәтиже бергендігі анықталды.

Барлық жеке-меншік балабақшаларының ішінде барлық санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылған тек ЖШС «Г» балабақшасы. Мектепке дейінгі ұйымдардың санитарлық гигиеналық жағдайының ұйымдастырылуының санитарлық талаптарға сәйкестігі тексеріліп, баға берілді. Зерттелген мәліметтер бойынша қорытынды жасалды. Мектепке дейінгі ұйымдардың санитарлық – гигиеналық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кучма В. Р. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы: оқулық. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014. - 464 б.
2. Неменко Б.А., Оспанова Г.К. Гигиена детей и подростков. – Алматы: 2013. - 428 с.
3. Антонов Ю.Е. Здоровый дошкольник: социально – оздоровительная технология 21 века. – М.: Просвещение, 2008. – 198 с.
4. Министра национальной экономики РК от 26.12.19г. №229 приказ «О введении моратория на проведения проверок и профилактического контроля и надзора с посещением в РК».
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыз № 615 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.
6. Клиорин А.И., Чтецов В.П. Биологические проблемы учения окон-ституциях человека. - Ленинград: Наука, 1979. – 162 с.
7. Конь И.Я. Роль микроэлементов в питании. Справочник по диетологии. – М.: Медицина, 1992. - С. 7-10.
8. Стародубов В.И., Онищенко Г.Г., Черепов В.И. О состоянии питания населения и деятельности государственной санитарно-эпидемиологической службы РФ по его улучшению // Вопросы питания. - 1999. - №4. - С. 3-9.
9. Степанов А.В., Баятаков А.А., Розе Р.Э. Решение вопросов охраны здоровья детей в дошкольных учреждениях Джамбульской области // Гигиена и санитария. - 1990. - №10. - С.49-50.
10. Ладодо К.С., Спиричев В Б. Витамины и здоровье // Педиатрия. - 1987. - №3. - С. 5-10.
11. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № 239 бұйрығымен бекітілген "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағида

Ш.Е. Угышова, А.Қ. Омарходжаева, Г.А. Арынова, Л.Н. Айтамбаева
Казахский национальный университет имени Аль-Фараби
Казахский Национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова

ОРГАНИЗАЦИЯ САНИТАРНОГО КОНТРОЛЯ ЗА ДЕТСКОЙ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ

Резюме: В статье проверена и дана оценка санитарно-гигиенического состояния дошкольных организаций на соответствие санитарным требованиям. По городу Алматы проведена оценка состояния земельных участков, зданий и помещений дошкольных организаций, Организации комплектования и режима дня детей, а также соответствия санитарно-эпидемиологическим требованиям, предъявляемым к питанию детей. П
Проведен анализ результатов исследования лабораторных инструментальных измерений. По исследованным данным было сделано заключение. Разработаны рекомендаций по улучшению санитарно – гигиенического состояния дошкольных организаций.
Ключевые слова: дошкольная организация, игровые площадки, распорядок дня, пищеблок, питание, меню, витаминизация С

Sh.E. Ugysheva, A.K. Omarkhojaeva, G.A. Arynova, L.N. Atambaeva
al-Farabi Kazakh national university
Asfendiyarov Kazakh National medical university

ORGANIZATION OF SANITARY CONTROL OVER PRESCHOOL ORGANIZATIONS IN THE CITY OF ALMATY

Resume: The article checks and evaluates the sanitary and hygienic condition of preschool organizations for compliance with sanitary requirements. In Almaty, the assessment of the state of land plots, buildings and premises of preschool organizations, the organization of recruitment and daily routine of children, as well as compliance with sanitary and epidemiological requirements for children's nutrition was carried out. P
The analysis of the results of research of laboratory instrumental measurements is carried out. According to the studied data, a conclusion was made. Recommendations were developed to improve the sanitary and hygienic condition of preschool organizations.
Keywords: preschool organization, playgrounds, daily routine, food service, nutrition, menu, vitamin C